

Жақсы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № а-4/173 "Жақсы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № а-3/135 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 7254 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № а-2/52 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 19.03.2021 № а-2/52 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы ауданы әкімдігінің "Жақсы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" 2018 жылғы 31 мамырдағы № а-4/173 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6676 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау сол мәселеге жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Малғаждаров